

FTAHP 17.09

Ә.С. Сатанова¹, М.С. Оразбек¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «СҮЮ» КОНЦЕПЦИЯСЫ

Аңдатпа. XX ғасырдың 20-шы жылдарында қазақ әдебиеті тақырыптық, жанрлық, көркемдік жағынан жаңа ізденістерге барып, сапалық тұрғыдан біршама ілгері дамыды. Әлем әдебиеттерінде өз-өзіне қарсы, іштей қайшылыққа толы психологиялық жақтан өзгеше образдар әлемін бейнелеу 19-ғасырдан бастап орын ала бастағаны мәлім. Әсіресе, 20-ғасырдың басында Еуропа әдебиеттерінде модернистік әдебиетте көп кездесе бастады. Себебі, қоғамдық дағдарыс адамның рухани дағдарысына әкелді. Дегенмен, махаббаттың шесіз екендігі қаламгерлер шығармаларында кең көрініс болды. Студент Сатанова Әсел ғылыми мақаласының нысанасы ретінде жазушы –Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы «Сүйю» концепциясы зерттеледі. Мағжан шығармалары лиризмге толы. Сүйіспеншілік тек анаға, Отанға, бауырға жарға өлшеусіз болатыны сияқты, алыстағы бауырға да ортақ екенін кең көрсетеді. Мағжан шығармаларындағы бұл концепцияны айқындау мақсатында зерттелген бұл мақала өзектілігі мен тың тақырып ретінде әлі де зерттеуді қажет етуге тиісті дүние болып есептеледі.

Кілт сөздер: Алаш, лиризм, Мағжан және Түрік, бауырластық, дәстүрлі құндылық, сүйіспеншілік.

Аннотация. В 20-х годах двадцатого века в казахской литературе появились новые темы, жанр и художественное творчество стали более качественными. В мировой литературе мир образов, полных внутренних психологических противоречий, начал проявляться уже с 19-го века. Особенно это было характерно для европейской модернистской литературе. По мнению многих исследователей-литературоведов - социальный кризис привел к духовному кризису человека. Тем не менее, тема любви была отражена в произведениях многих поэтов и писателей.

На примере творчества Магжана Жумабаева авторами проведен анализ его произведений, которые посвящены вечной, чистой и искренней любви. Поэзия Магжана Жумабаева наполнена лиризмом, любовь описывается как сильное и всеобъемлющее чувство ко всему человечеству, к матери, к Родине, брату и любимому человеку.

Ключевые слова: Алаш, лиризм, Мағжан и турецкое братство, традиционные ценности и любовь.

Abstract. In 20-ies of the twentieth century in the Kazakh literature, new themes were developed, the genre and artistic creativity became more qualitative. In the world literature, the world of images against itself, full of internal psychological contradictions began to occur already from the 19th century. Especially at the beginning of the 20th century, European literature became increasingly seen in modern literature. Because the social crisis led to person's spiritual crisis. Nevertheless, the endless love was reflected in the works of writers. The researched subject of the scientific article of the student Satanova Assel the concept of «Love» in the works by Magzhan Zhumabaev. Magzhan's works are full of lyricism, extensively shows that love can be so powerful and immeasurable and to all of humanity as love for the mother, home, brother and loved one. The article investigating this concept in Magzhan's works is topical, and as a new topic requires thorough research.

Key words: Alash, lyricism, Magzhan and the Turkish brotherhood, traditional values and love.

Жиырманасыншы ғасыр басындағы қазақ ойшылдарының бағыты терең демократиялық, гуманистік, жаңашыл сипатта болды. Дәл осы тұста Мағжан Жұмабаев шығармаларының мәні ерекше. Белгілі жазушы М.Әуезов: «Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған, әшекейін сүйемін. Мағжан мәдениеті зор ақын» деп ерекше бағалауы тегін емес. Ерекше ойлы, өткір мінезді, алыстан ойлайтын Мағжан ақынның шығармалары өз мәнін жоғалтпайтын, дәстүрлі құндылыққа бай туынды. Қазіргі заманда адами құндылық дәрежесі төмендеп бара жатыр, ол әлеуметтік статуска немесе моральдық әлсіздікке байланысты. Европа әдебиетінде модернистік әдеби ағыммен бірге осы тақырыптарда шығармалар дүниеге келіп жатты. А. Камью, Флобер, Элиот, Ф.Кафка өз шығармаларында өмірден қағажу көрген, қоғамдық ортадан бөлініп қалған, жалғыздыққа ұшырған, өз анасынан, досынан, айналасынан теріс айналған түрлі тағдыр иелерін суреттеді. Мұның барлығы қоғамдағы экономикалық дағдарыспен, бірінші дүниежүзілік соғыспен тығыз байланысты болды. Материалдық дағдарыс салдарынан рухани күйзеліске түскен адам тағдырын жазу Европа әдебиетінде осылайша орын алды.

Ал қазақ әдебиетінде бұл тақырыпта тыңнан жол салған –Мағжан. Бір ғана «Сүйемін» өлеңінде тұнып тұрған махаббат. Ол елге, анаға, жарға, Алашқа деген шексіз сезім мен таусылмас құрмет. Сүю дегеніміз не?! Есенғали Раушановтың мына бір өлең жолына зер салсақ: «Ақ көйлегің етегі бүрмелі еді, Ақ нұрымен аймалап күн келеді. Сүю деген бірге өлу деген сөз ғой, Ғашықтық деп өзгерткен кімдер оны?!». Сүю дегеніміз - шынында да әлдекім немесе әлдене үшін өле алу, өзекті үзіп бере алатындай жанкештілік, өзіңе қымбат нәрсеге шексіз берілу болса, ол да Мағжанда. Тұтас поэзиялық символ: Анасы – көз дегенің сұп сұр көр,

тасбиық санап бүгіліп, көрше ауыр күніренер; Жары - көзінде көк нұры жоқ, аузында жұмақ жыры жоқ; Елі, халқы- ұйқы басқан қабағын, бастыра киген тымағын; Туған жері- сағымы сайран құрады, бораны ұлып тұрады. Сонда да,

Неге екенін білмеймін,
Сол анамды сүйемін!
Неге екенін білмеймін,
Сол жарымды сүйемін!
Неге екенін білмеймін,
Сол елімді сүйемін! [1]

Бұл кезекті қайталауда ақынның оны не үшін сүйетінін өзі де білмейді. Бұдай қорытатынымыз - Сүю деген жаман, сүйкімсіз нәрсенің өзінен ішкі бір әсемдіктің, әдеміліктің барын, жүрек көзінің ақылға, бастағы көзге мойын ұсынбайтын ерекше қасиет. «Жалқаулықты жар көрген, мәңгі өлік сахарасынан» Мағжан қашпайды, жиіркенбейді-сүйеді. Ол – қазақ менталитетіне, болмысына сай, дала заңымен жазылған махаббат екені мәлім. Мағжан жайында жазушы Жүсіпбек Аймауытов (XX ғасырдағы алғашқы сыншылардың бірі ретінде) «Мағжанның ақындығы» мақаласында мынадай пікір білдіреді: Мағжанның туып, өскен, тәрбие алған әлеуметі – қазақ – дей келе оның идеялық тұрғыда ақын болуына мынадай факторлар әсер ету керектігін алға тартады: Бір жағынан үй іші – әкеге, әлеумет – ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген қазақ ішінде туып-өскен болса; екінші – татар медіресесін оқып, түрікшілік, ысламшылдық рухында тәрбиеленсе; үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші – орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе; бесінші – Батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дарашылдық школынан сабақ алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығу керек? Олай болып шықпауы мүмкін емес. Әлеумет ортасының заманының жағдайы солай» [2]. Міне, бұл пікірге сүйенсек Мағжанның жаңашылдықты сүйе тұра, ескілік көлеңкесінде қалған өз жұртын сүймеуі мүмкін емес екендігі анық.

Мағжан - сыршыл, лирик ақын. Махаббат тақырыбы тек сүю концепциясы тек «Қазақты» ғана сүюмен шеткелмейді. Сүюдің өзі қаншалықты шексіз болса, ақын жырларында да дәл солай.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен –[1].

«Түркістан» өлеңінде айтылғандай, Түркі жұртына бауырмашылдығы бір бөлек. Оған дәлел- Түркиядағы 1920–1921

жылдардағы ұлт азаттық қозғалысына арнаған «Алыстағы бауырыма» деген өлеңі бар. Мағжан поэзисы туралы Фейзуллах Будақ «Түркі үні» радиосына берген сұхбатында: Түркі әлемі мен түрік ұлтының тәуелсіздік күресінде көптеген ұлдарының қаны мен көптеген зиялылардың әрі сиясы, әрі қаны мен жаны бар. Осылардың ішінде Мағжанның орны бөлек. Өйткені Мағжан – өлеңіндегі күш-қуатты Түркістан аймағындағы түркілердің бөлек хандықтар мен елдерге бөлінбей тұрған мықты кезеңінен алады. Мағжанның денесі бодан болған туған жерде көзін ашып, бүкіл өмірін бодан елде өткізсе де, оның рухы мен арманы еркін түрік қағанатының кең-байтақ даласында қанат қағады және өлеңдері де осындай қайнардан күш алады- деп, оның өлеңдерінде ұлт аты- Түрік, Отанының аты- Түркістан дей келіп, Мағжан жүрегінде Түрік деген атау жүрегіндей кең алқапта , өлеңінде дейді. Мына өлең жолдарына назар аударайық:

Түріктің жолбарыстай жүрегінен
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан.
Шарқ ұрып, ерікке ұмтылған Түрік жаны,
Шынымен ауырды ма бітіп халі?!
Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз.
Біздің атқа
Лайық па құл боп тұру?
Кел, кетелік
Алтайға, ата мирас, алтын таққа![1].

Түрік елінің қиын-қыстау уақытта тап болып, басына күн туған кезінде Мағжан бұл оқиғаға бей-жай қармаған. Ұлтқа махаббаттың ағайынға да (түрікке) өлшенбейтін, шексіз қалыпта болатынын байқадық. Бұл шығармаларындағы ерекше феномен.

Заман ағысының еріксіз күшімен шартарапқа шашырап кеткен түбі бір түркі жұрты тағдыры да бір, басындағы ахуалы ұқсас болып, дегенмен , саяси оқиғасына күллі қазақ ұлтының атынан осындай көлемді жыр жазады. Бұл өлең жауапсыз қалмайды. Арада сексен екі(82) жылдан кейін 2001 жылы түрік ақыны Фейзуллах Будақ жауап ретінде өлең арнады:

Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта,
Не таптық шашырағанда шартарапқа?
Барлығын күш–қайраттың жинау керек,
Атадан мирас қалған ұлы Отанда.-[3] деп аяқталған бұл өлең жолдары.

Мағжан шумақтарына тұтас жауап ретінде һәм көлемі бірдей. Тарих қазанында қайнап пістік, бостандыққа түрік жаны әркез ұмтылған, өр рухты екені кең баяндалады. Мағжан Жұмабаев- ұлтын сүйген, күллі Түркі жұртын сүйген тегі бір, тілі бір, діні, ділі бір ,түбі бір тұтас түркі халықтарын жүрегімен жырлаған ақын.

Қорытындылай келгенде, өткен ғасыр тарихындағы талайлы тағдырлар, түркі халқына ортақ мұң мен қуаныш, арман мен мақсат, ұлт мүддесі сабақтастығы бір арнада тоғысып жатқандығын Мағжан Жұмабаев поэзиясында көрінеді. Тек қазақ халқын ғана сүю емес, (оның ішінде, анасын, жарын, Алашын) күллі түркі халқының жоқтаушысы, халықтардың елдік, туысқандық тамырынан қол үзбеуін қадағалап, сақтаушы дара тұлға екендігі әлемге аян.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмабаев М. Шығармалар. Т.1. – А.: Білім, 1995. – 256 б.
- 2 Мағжанның ақындығы туралы // Жас Алаш. – №65 (15627). – 16 тамыз, сейсенбі 2011.
- 3 [Электрон. Ресурс] <http://massaget.kz/layfstayl/debiet/poeziya/26871/>
- 4 Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» өлеңіне түрік ақынының жауабы. [Электрон. Ресурс] <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/>

FTAХР 17.82

Ж.А. Тұрымбетова¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

**ӨРКЕНИЕТТЕР ТОҒЫСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
/ҚАЗАҚ, ТҮРІК / ПОЭЗИЯСЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

Аңдатпа. Мақалада туысқан түркі халықтарының, соның ішінде қазақ және түрік халықтарының ақындық-ашықтық поэзиясының қайнар көзінің байырғы түркі өркениеті мен ислам мәдениетінің тоғысуы аясында дамығандығы туралы мәселелер төңірегінде сөз қозғалған.

Ашықтар мен ақын-жыраулар шығармашылығына ортақ ата-бабалық, жауынгерлік-қаһармандық сарындар, фольклорлық синкретизм, сопылық, діни-исламдық көзқарастар, дидактикалық поэзияның дараланған үлгілерінің (насихат, мысалдау өлеңдер), махаббат, көңіл-күй лирикасы секілді әдеби жанрларда шығыстың классикалық поэзиясына тән үлгілерді кеңінен көруге болатындығы көрсетілген.

Юнус Эмре, Қараджаоғлан, Пір Сұлтан Абдал, Дертли секілді түрік ашықтарының көрнекті өкілдерінің шығармаларындағы дәстүр үндестігі және поэтикалық ықпалдастық тұрғысынан көрсетілген.

Бұл мәселелер қазақ және түрік әдебиеттерінің өзара қарым-қатынастарының негізгі жолдарын зерттеу, өзара баю заңдылықтарын анықтау, тарихи қарым-қатынас кезеңіндегі екі халықтың бір-бірімен тығыз рухани сабақтастық негіздерін айқындай түсу болып табылады.